



Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Сәлем – сөздің анасы

Амандасуыңыз қалай, ағайын?

Әр елдің салты басқа

Орталық Азиядағы кей елдерде әйелдерге дейін «Ассалаумағалейкум» деп сәлемдеседі. Амандасу қай халықта да ардың ісі болып саналады десек, бүгінгі біздің зиялы қауым өкілдерімен бірге қаузап отырған әңгімеміз де күнделікті өмірдің үйреншікті үрдісіне айналған осы бір адами сыйластық пен қарым-қатынас мәдениеті туралы болмақ.

Бір оқиға еміс-еміс еске түседі. Аудиторияға жиналған адамдардың дені жастар болатын. Мінберге көтерілген протестанттық ағымдағы дін өкілі жиналғандарға бұрылып: «Мен Ресейге туысқандарыма жиі барып тұрамын. Сонда олардың өздерін ұстау, амандасу мәдениетін көріп, ылғи да көңілім қобалжып сала береді. Оларға мен: «Сендер үлкенге құрмет пен кішіге ізеттің өнегесін көргілерің келсе, Қазақстанға барып, осылардың бәрін сондағы жастардың қарттарды сыйлап, құрметтеу мектебінен үйреніңдер. Осыны бұрынырақ орындағанда, дәл мынадай өрескелдік кең қанат жайып кетпеген болар еді», деп мүсіркей бастап едім, оған ешкім қыңқ етпеді. Жастар, сендерден өтінерім, ананың ақ сүтімен, халықтық қағидамен қанға сіңген осы қасиеттеріңізді ешқашан жоғалта көрмеңіздер», деп еді. Бөгде дін өкілінің неге мұны бізден осынша езіле өтінгені бізді әлі күнге дейін қатты толғандырады.

«Бір сәлемнің жүз сауабы бар. Егер сен Алладан рахым тілеп, бір адаммен амандассаң, ол кісі ықыласпен жауап қатса, сол жүз сауап екеуіңе теңдей бөлінеді, ал егер сен амандасқанда, әлгі адам мұнына жауап қатпай, теріс айналып, сәлемінді түзу алмаса, онда сауаптың барлығы өзінде қалады», – деген имандылық өсиетіне құлақ асып өскен жан бұл қағиданы әрдайым есінде сақтап қалуға тырысары хақ. Халқымыз сәлемдесуге үлкен мән бергендіктен «жасы үлкен адамның артынан арнайы іздеп барып сәлем беру» деген сияқты дәстүрлер әлі күнге дейін қазақы қалыптың, дала мәдениетінің озық үлгісі ретінде өте қымбат тұтылады. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы кісі келіп сәлем береді», деп айтып жатамыз. Басқа халықтың өркениетінен біз мұндай керемет

сыйластықты, тәрбиелік мәні зор құндылықтарды кездестіре қоймаймыз. Әлгі пірәдар қазақтың салтдәстүріне бекер тамсанып отырған жоқ. Сәлемдесу салты арқылы әр халықтың кескін-келбетін, өзіне тән ерекшелігін көруге болатындай. Мәселен, айталық, сәлемдесу әдебінің шығыстық үлгілеріне тән бас ию, қол қусыру сынды қасиеттер кәрі құрлықта кездеспейді екен. Оның ішінде, амандасудың тибеттердегі үлгісінде бас киімін қолына алып, сол қолдарын құлағының артына қойып, тілін шығарып амандасатын қызықты түрлері кездессе, үнділер алақандарын біріктіріп, маңдайына тигізе тағзым етеді, ал ауғандар болса, алдымен қолдарын маңдайларына тигізіп, тәу етіп барып, иіліп сәлемдеседі. Қалай болғанда да, әр ұлттың сәлемдесуі сол халықтың жан дүниесімен біте қайнасып, салтсанасымен өріліп, халықтық қасиеттерді құрметтеу мен бір-біріне жақсылық тілеуге бағытталған. Оның ішінде сол амандасу қалыптарын өздерінің мықтап қадірлей білулерінің арқасында оны өзгелердің де құрметтеп, қастерлеуін қалыптастырған халықтар бар. Оған әрине, рухы биік ұлттар ғана жете алған. Мысал ретінде оған жапондарды алуымызға болады.

– Жапонияға іссапармен барған қазақстандықтар әуежайға жүретін автобусқа отырып жиналып жатырмыз, – деп әңгімесін бастаған бір әріптесіміз жапон қызының ибалы мінезі туралы қызық оқиғаны айтып берді. – Бізді қонақ үйден шығарып салып тұрған жапон қызы әрбір жолаушыға амандасу әлде қоштасу дейміз бе, иіліп тұр еді, жанымда отырған жігіт терезеден сыртқа қарап, жаңағы қызға қарап басын иген. Қыз оған әдемілеп тұрып иіліп жауап берді. Қызықтаған әріптесім қызға қайта иілді. Қыз тағы да үлкен ізетпен жауап қайтарды. Біздің жігіт енді оны ойынқалжыңға айналдырып, әлгі қылығын қайталай беруден танбады. Бірақ жапон қызы бір жаңылған жоқ, жігіт қалжыңын аңдамаған қалыпта, басын төмен ие берді. Теріс те айналып кетпеді, ақырында ерсі қылығынан ұялған біздің жігіт жапон қызы ізетінің алдында өзінің жеңілгенін мойындап, тоқтауға мәжбүр болды. Бір ол емес, автобус ішіндегілердің барлығы мына көріністі қызықтап, еріксіз таңданыстарын білдірген. Өкінішке қарай, біз қазір осындай табанды ізеттілікке емес, тасырандаған жүріске, амандаспай өтуден қысылмайтын, қымсынбайтын, халқымыздың табиғатына жат мінезге күнде жолығып жүрміз. «Әдепті елдің баласы алыстан берер сәлемін» демекші, ертеде салт келе жатқан адамның алдынан, танысын-танымасын үлкен кісі шықса, атынан түсіп, жаяулап келіп амандасатын дәстүр болған. Амандасу, бірбірінің хал-жағдайын сұрасу, игілік тілеу, түптеп келгенде адамгершілікке саяды. Ол адамның көргенділігі мен отбасынан алған тәрбиесін көрсетеді емес пе?!

«Адамдар азайын десе, алдымен амандасудан, жақсылық тілеуден қалады, мен қазір адамдардың арасындағы мейірімділіктің сарқылып бара жатқанынан қорқамын. «Есіктен басынды қылтитып, босағада тұрып амандаспа, адаммен ішке еніп барып сәлемдес», –деп баяғыда үлкендер біздің кем-кетігімізді көргенде, сол жерде жалма-жан қателігімізді жөндеуге тырысып бағатын еді. Қазір жастардың бетіне қарап ештеңе айта алмайсың. Осы біз қайда бара жатырмыз?»– деп қабағын мұң шалған бір әріптестің әңгімесі маған да қатты әсер етті.

– Оу, көңіліңізді осынша қалдырған кімдер?– дегенімде, «Айналайын-ай, бұл бір ғана жағдай емес, осындайға қазір көз де, көңіл де көндігіп барады. Мұндайда тұра қалып, жөнінді айта бастасаң, «өзі бір тыныш жүрмейтін мазасыз адам екен, біреудің кемшілігін шұқылағанша, өзінің балаларына ақыл айтпай ма?» деп жүрдім-бардым тындайтындар бар. Ал енді мұндай қырсыздыққа көзімді тарс жұмып, соқыр бола қалайын десем, ондай жүгенсіздікті көріп тұрғанда жүрегім шыдамайды.

Менің жұмысыма қарама-қарсы бөлмеде өрімдей жастар отырады. Әлгі сабаздар жөндеп амандасуды білмейді. Бастарын изей салып өте шығады, немесе есігім кейде шалқасынан ашық тұрғанына қарамастан сабаздар жон арқаларын күдірейтіп, теріс айналып өтеді. Көріп тұрып, көрмеген, байқап тұрып, байқамаған болған біреуін жақында жасы егделеу кісі қатты сөкті. Енді бірде сол бөлмеге Ә. есімді жігіт үн-түнсіз қойып кеткен. Сәлден соң сыртқа шығып, бізді елемей тағы да зу ете қалғалы тұр еді, осы

көрініске кездейсоқ куә болып отырған әріптесімнің даусы кенет гүж ете қалды. «Оу, айналайын, неге адаммен келіп амандаспайсың? Мұнда сенен жасы әлдеқайда үлкен аға-апаларың отыр. Сырттағы бейтаныс жандар емеспіз, бәріміз ақыл-ойдың иелеріміз ғой. Мұның ұят емес пе? Бірінші, кісі жасы үлкен адамдарға келіп сәлем бермей ме? Иба қайда, мәдениет қайда? Бір жерде жұмыс істеп отырып бұл қай қылығың?» деді әлгіге. –

Иә, иә, дұрыс айтасыз, кешіріңіз, мұнан былай қайталанбайды, – деп күмілжіген жігіт бейне бір мұғалімнің алдында қатесін мойындаған оқушы тәрізді басын изей берді. Не дейсің мұндайда.

Солай дегенімізбен, жастарды кінәлап, олардың ісін үнемі теріске шығара берген тағы дұрыс емес, өйткені үлкендердің де арасында амандықтың мәні мен қасиетін ұқпайтындар толып жатыр. Ал сәлемдескен соң бір-бірінен хал-жағдай сұрасу әдебі мүлде ұмытылып бара ма, қалай өзі?» – деп таусыла сөйледі танысым. Сәлемдесуден кейін халахуал сұрасу да әдепке, көргенділік пен естілікке жатады. Мұнда да әр халықта әр басқа қалыптасқан жора-салттар бар. Мысалы, орыстар «Денсаулығың қалай?» дейтін болса, ертедегі мысырлықтар «Қалай, сіз терлейсіз бе?» дейтін болған. Гректер «Қуаныңыз» сөзін айтса, қытайлықтар: «Бүгін тамақтандыңыз ба? Қарныңыз тоқ па?» деп сұрайды екен. Кіндік Азия халықтарында сол жақ кеудесін оң қолымен басып, кеудесін иіп сәлемдесу қалыптасқан да, одан кейін хал-жағдай сұрасатын болған. Ал, моңғолдардың алдымен айтатыны: «Қалай көшіп жатырсың? Қалай қыстап отырсың? Малыңыз қалай?». Қазақтар: «Бала-шаға, үй іші, мал-жан аман ба? Денсаулығыңыз жақсы ма?» деп саулық сұрасады. Ол қала халқына да, дала жұртына да, үлкенге де, жасқа да тән ізеттілік белгісі.

Амандасудың алпыс амалы

Жасыратын түгі жоқ, қазіргі күні амандық-саулықтың түр-түрі кездеседі. Адам көңіл-күйі түгелдей осыған тәуелді екені тағы шындық. Оларды санап көрдік. Алпысқа жеткіздік. Біріншісі – ізгі ниетті амандасу. Олар: 1) риясыз, ықыластана амандасу, 2) елпілдей, құрақ ұшып амандасу, 3) қос қолдап, құрметтеп амандасу, 4) төс қағыстырып амандасу, 5) арқадан қағып, аялай амандасу, 6) иіліп ізетпен амандасу, 7) ұяла, имене амандасу, 8) сағынып, көзге жас ала амандасу, 9) қолын жүрек тұсына қойып, басын иіп амандасу, 10) қолын сүйіп, тәу етіп амандасу, 11) бас киімін шешіп, қадірлеп амандасу, 12) жадырап, жайдары амандасу, 13) жүзін жылытып, күлімсірей амандасу, 14) іші-бауырға кіріп, елжірей амандасу, 15) аялап, абыройын асқақтата амандасу, 16) туыстық рәуіштегі амандасу, 17) арқа-жарқа ағеділ амандасу, 18) іш тартып, бөле-жара амандасу, 19) сүйіспеншілікпен, жақсы көріп амандасу, 20) толқып, тебірене амандасу, 21) иіліп, тізе бүгіп амандасу, 22) арнау өлеңмен амандасу, 23) шаршы топқа тағзым етіп амандасу, 24) табалдырыққа тәжім етіп амандасу, 25) байсалды, байыпты, абыз амандасу, 26) еркелеп, назданып амандасу, 27) іздеп барып амандасу, 28) қол алысып амандасу, 29) қадірлеген кісінің жолын тосып тұрып амандасу, 30) алыстағы адамға қол бұлғап амандасу.

Екіншісі, амандасудың жағымсыз түрлері. Олар: 1) талғап-тандап амандасу, 2) амалсыз амандасу, 3) менменси, көзге ілмей амандасу, 4) жағымпазданып, жалбалақтап амандасу, 5) қату қабақ, түксиіп амандасу, 6) ернін әзер жыбырлатып, сызданып амандасу, 7) үн-түнсіз бас шұлғып, ишаратпен амандасу, 8) сынап, мінеп, өн бойыңды көзімен тінтіп амандасу, 9) апыл-ғұпыл асығыс амандасу, 10) қолының ұшын ғана беріп, кірпияздана амандасу 11) құнтсыз, құлықсыз амандасу, 12) бақай-есеп, саясатпен амандасу, 13) аяп, есіркеп, мүсіркеп амандасу, 14) тояттанып, тоғышарлана амандасу, 15) өзін зор санап, басына амандасу, 16) немқұрайлы амандасу, 17) келемеждей күліп, кеңкілдеп амандасу 18) көзін қысып, жымысқы амандасу, 19) теріс қарап тұрып амандасу, 20) алдапсулай салған амандасу, 21) жасытып, сағын сындыра амандасу, 22) қитұрқы амандасу, 23) тасырандап амандасу, 24) еркетотайланып, шолжаңдап амандасу, 25) қашқақтап, сырғақтап амандасу, 26) шөпілдетіп, сүйісіп амандасу, 27) табалдырықтан аттамай тасадан амандасу, 28) аяқсыз қалып қоятын амандасу, 29) ыңыранып, шалқая амандасу, 30) шаршы топтан бөле-жара, жекелеп амандасу.

Өткен кезеңге біреулер топырақ шашып, бәрін жарамсыз, ескірген нәрсе етіп көрсеткісі келеді. Әсіресе, ол ұлттық салтдәстүрді құрметтеуден көп байқалады. Атабабадан қалған ғұрыптарды қасиеттеген жан ескілікті көкसेген, кертартпа адам саналып, көзтүрткі де болды. Неғұрлым өз қағынан тезірек жерігендер заманауи атанды. Бұл алдымен адамның қадірқасиетін елемеуге, сәлемнің мәнін теріс ұғынып, бір-бірінен хал жағдай сұрасуды тым ұзақ деп есептеуіне, жүрдім-бардым, атүсті амандықтың орнығуына алып келді. Нәрсіз, қуаты кем, рухсыз амандық сұрасу үлгісінің дендей енгені сондай, жас-кәрі оған тіпті мән де бермейтіндей халге жеттік. Ащы да болса шындығы осы. Қазір бір-бірін күнде көріп жүретін көршілер амандықтың орнына беттеріне бажырая карап, немесе білінер-білінбес ернін жыбырлатып өте шығатын сәттер жиі кездеседі. Қатыгез, мейірімі аз, рухани жұтандықтың соңы бізді қайда апарып соқтырарын бір Алланың өзі біледі. «Адамдардың ең сараңы – сәлемге сараңдық еткені» делінген екен хадисте. Ал сол адамдар өздерін сараңдар қатарына жатқыза ма, мәселе сонда. Иманы жүрегінде, Жаратқан ие ақыл-ой, парасаттан кем етпеген, ішкі сарайы таза, әке-шешеден, отбасынан тәрбие алған адам қандай жағдайда да (мейлі өкпелесін, ашулансын, қиындыққа, ауыртпалыққа душар болсын т.с.с) сәлемдеседі. Өйткені сәлем берген де, сәлем алған да олжалы. Халқымыз «Әдебі жақсының– сәлемі жақсы» деп бекер айтпаған, ал берген сәлемді алмау–әдепсіздіктің, көргенсіздіктің шыңы болып есептелген.

Қариялар-дариялар

«Ертеде пәленше деген ақсақалға сәлем бермегелі біраз болып қалды, деп арнайы іздеп барып сәлем берудің мәні зор болған, – деді бұл туралы ойларымен бөліскен белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлы. – Осылай кісіні қадірлеп барып сәлем берудің өзі ана адамның бағасын асырған. Қазір бірақ өзгерген заман ғой, бұрын дұрыс амандаспасаң, ақсақалдар: «Ей, бала, неге дұрыстап келіп сәлем бермейсің, үлкендерді көргенде, қос қолдап амандас деп әкешешең айтпап па еді?», –деп жержебірімізге жетіп, ұрсып тастайтын. Қазір, ешкім ұрыспайды да. Ал сәлем бермеу, негізінен сыйламаудың белгісі.

Қазақтың негізгі бесігі–ауыл екені рас. Сол ауылдарда жазылмаған, бірақ бұлжытпай орындалатын заңдар болатын. Ол– сырттан келген жолаушының түскен үйінен «осы ауылдың үлкені кім?» деп сұрап алып барып амандасу салты еді. Әлі күнге әкеміздің, шешеміздің көзін көрген үлкен кісілерге ауылға барғанда сәлем береміз. Сәлемдесу–кішіден міндет. Егер олай жасай алмасаң, бірдеңені бүлдіргендей олардан қысылып жүресің. Өткенде туған ауылыма түнделетіп барып, асығыстау кері қайтып кетуге тура келді. Артынан: «Серіктің мұнысы несі, шынымен үйге соқпай, сәлемдеспей кетіп қалғаны ма?»,–деген өкпе жетті. Өйткені ол солай қалыптасқан. Енді келесі барғанда әдейілеп кіріп, сол қателігімнің орнын толтыруым керек. Ал ақсақалы бар үй қай кезде де әкемізге сәлем беріп кіріп шығады деп дайындалып күтіп отырады. Тіпті сенің сыбағаң да сақталып қойылуы мүмкін.

Ғафекеңнің екі-ақ жол өлеңі бар, «Аурудың емі– Саудың сәлемі» деген. Ауырып жатқан адамның көңілін сұрау да, сәлемдесу. Келген жан амандық білейін, деп келдім дейді. Егер төсек тартып жатқан адамның көңілін сыйлайтын адамы келіп сұраса сауығып, көңіл күйі көтеріліп қалады. Қазір не, біз амандаспаймыз, жастар «здрости» дейді. Кейінгі ұрпақ негізінен үлкендерден «ассалаумағалейкүмін» аямаулары керек. Үлкендер риза болып, саған да Алланың нұры жаусын дейді. Жалпы, жақсылықтың бәрі амандасудан басталады. Қазақ баласы танысын-танымасын жасы үлкенге сәлем беруі керек деп білемін. Ұлт болып ұйысуымыз, қазақы қасиетіміз осындайдан дамып, жалғасады. Амандық адамдарды ұғыстырады, жұғыстырады. Сәлемдесудің адамдарды білінбес қасиетімен біріктіріп тұратын құдіреті бар. Өз басым пәленің бәрі амандаспаудан басталады деп есептеймін.

Ең ұзақ амандық сұрасу біздің халқымызда болуы тегін емес. Ауыл-аймақ, мал-жан, көрші-қолаң аман ба, аткөлік аман жеттің бе, үй-іші, балашаға аман ба, туған-туыс, қариялар тегіс қуатты ма? – деп бір-бірінен амандық сұрасқанда жарты сағаттайға кетіп қалады. Кетерде ғана «бұйымтайың бар ма?» дейді. «Бұйымтайым жоқ, сәлем беруге ғана

келдім» дейді қонақ. Ал бұйымтай дегеннің өзі қона жатқанда шешіліп те қалуы мүмкін ғой. Қазір соның барлығы «здрости» мен «приветке» келіп тірелді. Бұл адамдардың бірбірінен суынуы, ұлттық бет-бейненің жұтылуы. Біз дәстүр сақтаудан ұтылып барамыз, тіпті есеміз кетіп, және оны бағамдай алмай құр шабуылдап, айғайлап жүрміз. «Ішкен мас, жеген тоқтық» қайда апарады?! Масқарасы сол, бұл өзі білінбей, елеусіз қалып барады. Мән берген жанға бұл үлкен қасірет. Бара-бара бірімізге біріміз осындайдан жат боламыз ба деп қорқамын. Оу, балғын жас иіліп келіп өзіңе сәлемін беріп жатса, тіпті танымаған күннің өзінде «кімнің баласысың?» деп сұрайсың ғой. Ал жөн сұраудың артында сол өркеннің атаәжелеріне қатысты, сенің көкірегіңде қалған әдемі тарих жатуы әбден мүмкін.

Ертеде күншуақта кәрі сүйектерін қыздырып отыратын қарияларға жүгіріп барып сәлем беруді қызық көретінбіз. Күнде барсаң да сол қариялар ұмытып қалып: «–Қай баласың, әй?» –деп сұрайды. Әкесі соғыстан оралмаған, немесе соның зардабынан елге келіп көз жұмған біздер әкелеріміз айта алмай кеткен әңгімелерді сондай ақсақалдардан еститінбіз. Басымыздан сипап, мейірімін төге отырып өткенді бағалап, елді сүюді үйреткен сол ақсақалдарға тұтас ұрпақ, соғыстан кейінгі буын әбден қарыздармыз. Көрдіңіз бе, амандық сұраудың артында не жатыр?

Алапат қырғын, қанды майдан жүріп жатқан кез. Елдің еңсесін көтеріп, жігерлендіріп, рухын биіктету мақсатымен Мәскеуде Иван Грозный, Суворов, Кутузов есімдері ұлықталып жатқанда, Қазақстанда ақындар айтысы өткізілетін болып шешім қабылданады. Мәскеуден келген өкіл ақындарды жинап, айтыта қай тақырыпты, қандай мәселені көтеру керектігі жайында әңгіме өткізбекші болады. Қатысушылар түгенделуде. Кенет өкіл әліпби бойынша «А» әрпінен басталатын Нұрхан Ахметбековті атайды, бірақ залдан ешкім тіл қатпайды. Тізімді жалғастыра оқып «А» әрпінен басталатын бірнеше кісілерді атағанымен, бірде-бір адам «мен» деп орнынан тұра қоймайды. Кезек Кенен Әзірбаевқа жеткенде Кенекең орнынан көтеріліп, мінберге шығып: «– Әй, жолдас өкіл, біздің қазақта алдымен жасы үлкен ағаның аты аталады, сіз үлкен әріптен бастадым деп отырсыз ғой, ал бірақ қазақ алдымен ақсақалды дәріптейді», – депті. Міне, үлкенді құрметтеу мен қадірлеудің қасиеті қалай болған?!

Бұрын топ болып жолға шыққанда жасы үлкен адам отырған көліктің алдынан кесе-көлденең ешкім өтпейтін. Атпен жүрсе аяғын үзеңгіге де салмаған. Ал қазір үлкенді қадірлемек түгіл бұқтырып қою сәнге айналғандай ма? Жастарды желкілдетіп, желпілдетіп, үлкеннің алдына шығарып, есіртіп қою қай жерде де бар. Әсіресе, ол еңбек ұжымдарында дес бермес дертке айналып барады. Осыдан барып, одыраң мінезді ұл, оспадар қылықты қыз шығады.

Ауру-алақаннан

Он сегіз жылдық еңбек өтілі бар жоғары санатты дәрігер Майра Түсіпбаева алақан арқылы көптеген жұқпалы ауруларды жұқтыруға болатынын айтады. «Көне замандағы ойшылдардың бірі «Жуылмаған қолды шауып тастау керек» деп айтыпты. Бұл сөз тектен-тек айтылмаған. Өйткені, жуылмаған қол, оның ішінде алақан көптеген жұқпалы аурулардың таралуына, басқа бір организмдерде «өмірін жалғастыруға» себепші болатын ең нәзік жер болып есептеледі. Әдетте, адамдар бір-бірімен қол беріп амандасады, бірақ, сол арқылы бір-біріне жұқпалы ауру таралуы мүмкін дегенді мүлде ойлап жатпайды. Бірақ, шындығы сол, мұндай қауіпті жұқпалы аурулардың бір қатары алақан арқылы таралады. Имунитеті әлсіз ересек адамдар мен 3-4 жасқа жетпеген балаларда ауру жұқтыру қаупі жоғары болады. Мысалы, тұмаумен ауырмайтын адамдар некен-саяқ. Ауа арқылы таралатын тұмау вирусы кейбір жағдайларда алақан арқылы да екінші бір адамның ағзасына еніп алады. Аурудың қауіптілігі – тұмау вирусының толып жатқан топтарының, оның ішінде ішекті зақымдайтын энтеровирустар мен бездерді қабындыратын аденовирустардың болуында. Бұл күнде туберкулез ауруының да алақан арқылы жұғу жағдайлары кездесіп қалып жататынын жоққа шығармаймыз.

Сондай-ақ, қышыма, теміреткі аурулары да белгілі бір жағдайларда адамдардың алақанынан жұғады. Қышыма кенесі өте кішкентай кене десек, міне сол адамның терісінің

астында көбейіп, тканьдермен қоректенеді. Әдетте кене саусақ арасынан кіреді. Медицинада терінің басқа да паразиттік ауруларына қарағанда қышыманың жиірек кездесетіні дәлелденген. Сондай-ақ, көптеген тері атауларының жалпы атауы теміреткіні алсақ та, осыған ұқсас жағдай. Ауру алақан арқылы таралып, өзге терілерде тіршілігін жалғастыра береді. Негізгі белгісі – денеде ұсақ түйіндер пайда болып, адам қатты қышынады. Ауру күшейгенде қышымаға айналып, науқас адам әсіресе түнде қатты қышынып, ұйықтай алмай мазасызданады.

Бұл жерде ерекше атап өтер жайт – мысалы, ауа арқылы ағзаға өтетін аурулардың вирусы алақан арқылы жұққанымен, сілекейге түспесе, яғни, сол адам қолын аузына апармаса қауіпті емес. Ал, кейбір жұқпалы тері аурулары үшін микробтың алақанға түскенінің өзі жеткілікті.

Адамның дені сау болуы үшін алақан өте зор рөл атқарады. Өйткені, адамның алақаны тимейтін нәрсе жоқтың қасы. Ол алақан көпшілік баратын қоғамдық орындардағы орындықтарға, қоғамдық көліктегі таяныш тіректерге немесе сауда орындарынан сатып алынған лас жеміс-жидектерге, қолдан қолға өтіп жүретін купюрларға, басқа да толып жатқан заттарға тиюі мүмкін. Сондықтан да дерматолог дәрігерлер алақанды әрқашан да таза ұстауды ескертеді. Ол үшін қолды күніне 72 пайыздық қара сабынмен жуып отыруға немесе қайта-қайта дымқыл салфеткалармен сүртіп отыруға кеңес беріледі.

Медицина саласында отыз жылға жуық еңбек етіп келе жатқан жоғары санатты жалпы практика дәрігері, Қытайдан оралған қандасымыз Сағидолла Қыдырхан жұқпалы тері ауруларынан басқа жағдайда алақанның тек тасымалдаушы екенін айтады. «Рас, күнделікті өмірде қолдың атқаратын қызметі көп болған соң, оның микробтарды «тұтынуы» да жоғары дәрежеде болатыны сөзсіз. Бірақ, бұдан алақан барлық аурудың басы екен деген пікір тумауы тиіс. Алақан – тек тасымалдаушы ғана. Алақанды ауызға апармаса, микробтар сілекейге түспесе, одан келетін қауіп жоқ. Ал, тері арқылы жұғатын ауру болса, әңгіме басқа. Мысалы, кейбір адамдардың алақаны үнемі терлеп жүреді. Бұл оның бүйрегінде не жүрегінде кінәрат бар екенін көрсетеді. Бірақ, бұл адамдардан ауру жұқпайды. Ал енді А,В, С типті гепатит аурулары белгілі бір мөлшерде алақан арқылы жұғып, ол сілекейге түскен соң ағзаны зақымдай бастайды. Бұл ауруға тән негізгі белгілер температураның жоғарылауы, тершендік, әлсіздік, құсу. Адам баласы өз денсаулығының күзетшісі болған соң, әрқашан тазалықты сақтағаны жөн шығар. Өйткені, тазалық – жақсы денсаулықтың кепілі» деп санайды маман. Бұдан алақан адамның ең нәзік жеріне жататынын көреміз. Осыған байланысты бір оқиға еріксіз еске түседі. Тойға кешігіп келген жігіт дастарқан басындағы қонақтармен қол беріп амандасып біте бергені сол еді, олардың арасында отырған сыйлы ағаларымыздың бірі оның бұл қылығын аса жақтырыңқырамай тыжырайды. Ол сол арада шөлмектегі арақпен алақанын шайып, кірпияздана қолын сүртті. Әлгі кісінің мұнысын әркім әрқалай қабылдады. Бірі: ағаны «тойынғандықтан, асқынып отыр» деп сөкті. Бірі: «Дастарқан басына жайғасып болғаннан кейін қол беріп амандасқан дұрыс емес» деді. Тағы сондай біраз түрлі әңгіме гу-гуледі. Қалай десек те, осы бір көріністен біз адамдардың қол беріп амандасуының екінші жағы да бар екенін ұмытпау керектігін ұқтық. Өз өмірің өз қолыңда екен-ау!

Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ
Қарашаш ТОҚСАНБАЙ